



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

Топтық талқылау туралы бұйрықтар
(«шығу мүмкіндігі» жүйесі)



Жоспар:

1. Топтық талқылау туралы бұйрықтар түсінігі
2. Сот шығындары
3. Топтық талқылау туралы бұйрықтарды қолдану шеңбері
4. «Шығу мүмкіндігі» жүйесі бойынша Англияда қалыпты топтық талап қою бойынша талқылаудан бас тарту (2009)
Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. ТОПТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚТАР ТҮСІНІГІ

Ағылшынның «шығу мүмкіндігі» жүйесінде топтық талқылау туралы бұйрықтар — көп жақты талқылау жүргізудің құралы болып табылады.

Топтық талқылау туралы бұйрықтар — топтық тізімге талаптарды енгізіп, іс жүргізуге қатысуға мүмкіндік беретін шешім. Топтық талқылау туралы бұйрықтар тізімін процессуалдық мәселелер бойынша Үлкен судья (Senior Master) мен Құқықтық қауымдастық (Law Society) жүргізеді.

Топтың әрбір мүшесі істе жеңіліс тапқан жағдайда, істе жеңіске жеткен тараптың талап қоюы бойынша сот шығынын көтеруде ортақ жауапкершілікте болады. Ал, егер топ жеңіске жеткен жағдайда, жеңіліс тапқан тарап топтың «ортақ шығындары» мен «жеке шығындарын» да өтеуге міндетті.

Топтық талқылау туралы бұйрықтар жүйесінің негізгі элементтері:

- Топ мүшесі азаматтық істе толық тарап пен топтық мүше мәртебесіне ие;
- Топтық талқылау әрбір мүшенің іске қатысуына келісімді талап етеді;
- Топтық талқылау туралы бұйрыққа сәйкес, сот іске белсенді басшылық жасап, нұсқаулықтар береді;
- Бұйрық сотпен бекітілуі қажет.

Сот нұсқаулықтары келесі мәселелерге қатысты болуы мүмкін:

- 1) Топтық тізімге енген бір немесе бірнеше талап қоюды сынама талап қою (test claims) ретінде қарау;
- 2) Барлық талап қоюшылар немесе жауапкерлер үшін бір немесе бірнеше істі жүргізуші солисторларды тағайындау;
- 3) Талап қоюдың топ тізімге енуі үшін сот істің мәлімдеу деректерінің нысанына қатысты нұсқаулықтар беру;
- 4) Соңғы күн көрсетілгеннен кейін соттың рұқсатынсыз талап қою топтық тізімге енгізіле алмайды.

Ортақ мәселе бойынша шешім барлық топтық талқылау туралы бұйрықтар тізіміне енгізілген қатысушыларға тиімді және ортақ заңды күшке ие. Іс бойынша шешім немесе бұйрық қолайсыз болып табылатын тарап апелляцияға беруді талап етуге құқылы. Көрсетілген «ортақ» мәселелер әдетте келтірілген шығындарды өтеу мен жауапкершілікке қатысты. Дегенмен әрбір талап қоюшы жеке келтірілген шығын туралы дәлелдеуі қажет. Ағылшын құқығы талап қоюшыға жеке келтірілген шығындарды өтеуді дәлелсіз тағайындауға жол бермейді.

Келісім-шартты бұзғаны үшін шығын айыппұлдары (exemplary damages) тағайындалмайды. Шығын айыппұлдары дегеніміз – келтірілген шығындар дәлелденгеннен кейін немесе шығындар туралы дәлел болмаған кезде алынатын үстеме өтемақылар. Американың кейбір штаттарында рұқсат берілген жазалау шығындарымен (punitive damages) шығын айыппұлдарын шатастырмаған жөн.

Құқық бұзушылық бойынша талап қоюда айыппұл шығындары тек кейбір жағдайларда ғана тағайындалады: олардың қатарына:

- Мемлекеттік қызметкерлердің Конституцияға қарсы, қисынсыз, кемсітушілік іс-әрекеттері;
- Алдын-ала табыс табуға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың құқық бұзушылық әрекеттері;
- Айыппұл шығындары заңмен көзделген жағдайлар.

Кейбір «ортақ мәселелер» бойынша шешімдер топтық талқылау туралы бұйрықтар тізіміне енген көпшілік үшін талқылауды тоқтатып тастауы мүмкін. Мысалы АВ қарсы тарап Ministry of Defence (2012) ісінде Жоғарғы сот Апелляциялық соттың 1980 жылғы Шектеулерді алып тастау туралы Заңның 33 тарауы бойынша өз қалауы бойынша шектеулерді алып тастау туралы шешімін сол күйінше қалдырды. Іс топтық талқылау туралы бұйрықтары аясында қаралды. Талап қоюшылар бұрынғы әскери қызметкерлер болатын. Олар көптеген жылдар бойы атом бомбасын сынау салдарынан радиацияға ұшыраған. Жоғарғы сот талап



қоюшылар мәселесін әрі қарай талдаудың мәні жоқ деп тапты.

AB ісі бойынша Lord Wilson «ортақ мәселе» бойынша сот шешімі егер сот өзге шешім қабылдамаса, барлық топтық талқылау қатысушылары үшін орындауға міндетті болады. Осылайша соттың ортақ мәселеге қатысты шешімі, осы топтық сот талқылауда бірегей талап қоюлар бойынша мәселені қарау мүмкіндігін жоққа шығарады.

Сол секілді FII Group Litigation қарсы тарап Revenue and Customs Commissioners (2012) ісінде Жоғарғы Соттың сынама талап қоюларды шектеу туралы шешімі салық төлеушілердің салық төлемдерін өтеп алу туралы талап қою мүмкіндігін анықтайтын болады.

Топтық талқылау туралы бұйрықтар тізіміне жіберілмей қалып қойғандар немесе тиісті мәлімгер тізімге қосыла алмаған жағдайда ондай тұлғалардың ісі қалай шешіледі? Мұндай тұлғаларды іске қосуға тыйым салуға немесе оларды сызып тастауға болмайды. Ондай тұлғаларға арнайы басқару ордері шығарылады.

Бұл мәселелер Taylor v. Nugent Care Society (2004) ісінде Апелляциялық сотпен қаралған болатын. Бұл Т. (қазір кәмелет жасқа толған) ісі топтық талқылау туралы бұйрықтарға жауапты Жоғарғы сотпен белгіленген мерзім аяқталғаннан екі жылдан кейін басталды. Топтық талқылау туралы бұйрықтар Англияның солтүстік-батысында қарттар үйіндегі балаларға сексуалдық зорлыққа қатысты айыптаумен байланысты болатын.

Талап қоюшы топтық талқылауға қосылуға рұқсат сұрады, дегенмен оның талап қоюы қабылданбай, апелляциялық өтінішін қайтарып алды. Судья Moses жауапкерге мынадай шешім берді: талап қоюшының талабы процессуалдық құқыққа теріс әсер ететіндіктен қабылданбады. Талап қоюшы апелляцияға өтініш берді. Нәтижесінде Т. тәуелсіз талап қоюы сот талқылауына қатысуына рұқсат беріді. Апелляцияны қарау барысында екі мәселе атап өтілді:

- Аталған талапқа (8.62) қатысты талап қою ескіру мерзімі өткеннен кейін басталды;
- Сот талқылауында соққы беру үшін (25.84) істі созып қарастыру жоғары деңгейдегі біліктілікке жатпайды.

Топтық талқылау туралы бұйрықтарды тіркеу тізіміне енгізу мерзімінен кейін ұсынылған талап қоюлар қабылданбайды. Ондай процессуалдық мерзімнен кейінгі басталған талап қоюларға қалыпты ескіру мерзімі қолданылады.

Дегенмен мұндай істерде де келісімге келген жөн. Мұндай тәуелсіз істер АСӨ жүйесі аясында қаралады және кей жағдайда топтық талқылау туралы бұйрықтар мен ұқсас істер өз шешімін таппайынша сот ол істерді тоқтатып қоюды.

2. СОТ ШЫҒЫНДАРЫ

Көп жақты талқылауды қаржыландыру маңызды мәселелердің бірі. Ағылшын азаматтық іс жүргізуінде «әділсоттылыққа экономикалық қол жетімділік» пен құқықтық көмек мемлекет тарапынан айтарлықтай қаржыландырылмайды.

Азаматтық сот талқылауы «жеке» шартты сыйақы төлеу түріндегі өзгерісті енгізді. Шартты сыйақы арқылы жүзеге асырылатын жеке қаржыландыру жүйесі көп жақты талқылауға да өз әсерін тигізді. Құқықтың формальды нысаны мен тәжірибелік нұсқаулықтары аса маңызды топтық талқылауларды мемлекеттік қаржыландыруға рұқсат береді. Топтық талқылауларды тәжірибе жүзінде жариялық қаржыландыру өте сирек кездеседі.

Топтық талқылау туралы бұйрықтар қабылданғаннан кейін іс жүргізу қиындай түсті, мәселен:

1. Топтық талқылау туралы бұйрықтарға енетін талап қою нысаны шектелмеген.
2. Топтық талқылау туралы бұйрықтарға негіз болатын «жалпы сұрақтар» кез-келген азаматтық құқық бұзушылық нысаны мен кез-келген теріс қылыққа негізделуі мүмкін.
3. Талап қоюда негізгі шарт «ортақ немесе өзара байланысты мәселелер фактісі немесе ортақ құқықтың» болуын талап етеді.

Апелляциялық сот топтық талқылау бұйрықтары негізінде жасалған Motto қарсы тарап Trafigura Ltd (2011) талап қоюына қатысты істе судья Peter Hurst's күрделі сот шығындарын егжей-тегжейлі қарастырды. Топтық талқылау бұйрықтары туралы іс Ivory Coast 30000 жуық тұрғындарына қатысты болатын, талап қоюшылар келтірілген дене жарақаты үшін өтемақы талап етті. Жауапкер компания бұл істі жауапкершілікті өз мойнына алмай-ақ реттеді. Жауапкер Ivory Coast әртүрлі құрлықтық жерінде улы



химикаттарды тастау үшін мердігер компанияны жалдағаны туралы мәлімделді. Жауапкер химиялық заттарды әлемнің басқа порттарында пайдаға асыра алмаған. Жауапкер Ivory Coast үкіметімен келісімге келгеннен кейін, іс ағылшын топтық талқылау бұйрықтары негізінде реттелді. Жауапкер өтемақы ретінде 30 миллион фунт стерлинг төлеуге келісті. Аталған қаржы істі жүргізуші Leigh Day заңгерлеріне төлем мен топтық талап қоюшылар арасында үлестірілуі қажет болатын. Сондай-ақ реттеу аясында қалыпты негізде (18.23) талап қоюшылардың сот шығындарын төлеуге міндетті болды. Апелляциялық сот келесі мәселелерге қатысты шешім қабылдады:

- Әрбір талап қоюшы талапты жасау, оны қарау мен шешім қабылдауға қатысты келтірілген шығындарды қажетті және негізді критерийлерге сай болған жағдайда өтеп алуға құқылы;
- Судьяның ойынша қажетті және негізді критерийлерге сай болған жағдайда жекелеген талап қоюларда көрсетілген медициналық шығындарды өтеп алуға құқылы;
- Дегенмен соттың қажетті және негізді критерийлерге сай талап қоюлар мерзімі өткеннен кейін шығындарды өтеу мақсатында берілген талап қоюларды қабылдамауға құқылы.
- Талап қоюшылардың келтірілген шығындарды өтеуді үлестіру кезінде белгілі құқықтарға ие. Шығындар бойынша соттың үлестіру үшін процесте соңғы күнді қоюға құзырлы, дегенмен соттың рұқсат берген бір айы, үлестіру үшін негізсіз өте қысқа.

3. ТОПТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ ШЕҢБЕРІ

АСӨ 19.10 Ережесіне сай: «Топтық талқылау туралы бұйрықтар дегеніміз... талап қою ортақ немесе өзара байланысты мәселелер фактісіне немесе ортақ құқыққа негізделген іске қатысты басшылық ету». Ресми сайтта 2000 жылы ағылшын соттарымен бекітілген топтық талқылау туралы бұйрықтар тізімі берілген. Аталған сайтта топтық талқылау туралы бұйрықтар талабына қатысты қысқаша түсініктеме жасалған. Соның негізінде топтық талқылау туралы бұйрықтар қабылданғаннан кейін бұл негізінен ірі компаниялардың қаржылық шығындарын қайтаруға бағытталған әртүрлі талап қоюлар екенін байқауға болады. Аталған процедуралар алаяқтық әрекеттер, біреуді адастыру, келісім-шартты бұзу, сенімге қиянат келтіру, фидуциарлық міндеттерді бұзу, бағалы қағаздар туралы заңнаманы бұзған кезде қолданылуы мүмкін. Тамаша мысал ретінде Үлкен соттың топтық талқылау туралы бұйрықтарға қатысты (22 қаңтар 2011 ж.) шешімін айтуға болады. Судья Манна (Лондондағы Канцелярлық бөлімі Үлкен сотының судьясы) Tew қарсы тарап Bank of Scotland and Barclay's Bank (пайдаға қатысу құқығы нысанындағы ипотека) істе белгілі бір ипотека түрін берудегі әділетсіздікке қатысты топтық талқылау туралы бұйрық беру туралы шешімді күшінде қалдырды. Бұл жауапкерлер тобына қарсы қойылған үлкен көлемдегі топтық талап қою нысанындағы талқылаудың тәжірибелік маңызы зор. Аталған істе сот төмендегідей қорытынды жасады:

«Аталған талқылау пайдаға қатысу құқығы нысанындағы ипотекамен байланысты. Мұндай ипотека 1997 ж. және 1998 ж. бірнеше несие берушілерге (Шотландия банкі мен Барклайз банкі) ұсынылған болатын, сондай-ақ бұл ипотека төлеу пайызы мен өтеуі бойынша қалыпты емес. Істің мақсатына қарай, бұл ипотекаларды ортақ сипаты бойынша екіге бөліп қарастыруға болады. Ортақ сипаты бойынша аталған ипотекаларды өтеудің нақты мерзімі жоқ. Олар мүлікті сатқан немесе кепілдік беруші өлген жағдайда өтелуі қажет. Төлеп алу кезінде кепілдік беруші негізгі сумманың өтелмеген бөлігі мен сатып алуға жұмсалған шығындардан басқа белгіленген мүлік бағасының ұлғайған бөлігін төлейді. Бұл бөлік мүлік құны мен қарыз суммасына қатысты еселенген мөлшерде өтеледі. Сондай-ақ ипотеканы өтеу ипотеканың санатына қарай әртүрлі болып келеді. Бір санаттағы ипотека пайыздың төленуін қарастырмайды. Бұл жағдайда мүлік құнына қатысты коэффициент пен қарыз суммасы үшке тең. Өзге санаттағы ипотекада нақты пайыз қарастырылған және бұл жағдайда коэффициент бірге тең».

Бұл талап қоюларда әртүрлі талап қоюшылар 1994 ж. Тұтынушылар келісімінің әділетсіз шарттары туралы Ереже мен 1974 ж. Тұтынушылар кредиті туралы Заңның 140 А-140 С баптары негізінде шарттардың әділетсіз болуына қатысты талап қойды. «Бұл талап қоюшылар» қатарына 100-ден аса талап қоюшыларды түсінген жөн, оларға бірінші азаматтық іс бойынша сайыскерлік құжаттары берілді. Бұдан басқа да жауапкерге жүзге жуық талап қоюшылар талап қойығысы келгені анық, дегенмен ол топтық талқылау туралы бұйрықтар негізінде жасалуы қажет.

Жоғарыда аталған Tew қарсы тарап Bank of Scotland and Barclay's Bank (Shared Appreciation Mortgages) (2010, 2011) ісін зерттей келе, топтық талқылау туралы бұйрықтардың қолдану асын нақтылай түскен жөн. Олардың қатарына:

1. Дәрілік заттарды қолдану барысында тұлғаға келтірілген зияндарға қатысты талап қоюлар;



2. Англия корпорациясына салықты артық төлеумен байланысты талаптар;
3. Корпорацияның салық төлемі бойынша «топтық жеңілдікті» жоғалтуға қатысты талаптар.

Топтық талқылау туралы бұйрықтардың қиындығы туралы Лордтар палатасынан лорд Николлас былай деп атап өтеді: «Сынама істер ретінде алты топтық компанияның істері таңдап алынды. Бұл үлкен талап қоюшы компаниялар Канцеляриялық бөлімде Салық басқармасы комиссиясына қарсы талап қойған. Аталған талап қоюлар бойынша істер Канцеляриялық бөлімнің процесуалдық мәселесі бойынша үлкен судьямен 2003 ж. мамырда қабылданған топтық талқылау туралы бұйрыққа сәйкес талқыланған. Ал процесуалдық мәселелер бойынша бұрынғы Үлкен судья (Senior Master) Роберт Тернер 2007 ж. авторға жолдаған өз есебінде келесі топтық талқылау туралы бұйрықтармен жұмыс жасағанын көрсетеді:

- Испаниядағы қонақ үй, туристік оператор тараптарды келісілген мерзімнен кешіктіріп жіберген. Кейінірек олар тамақтан улану туралы елеулі қауіптің болғанын біледі;
- Алдер Хей ауруханасындағы өлген науқастардың органдарын қолданумен байланысты жүздеген кішкентай балалар мен олардың отбасыларының қатысуымен болған іс. Корольдік бөлімнің Үлкен соты бұл істі медиаторға жіберіп, іс өзінің сәтті шешімін табады;
- Ыстық сусындармен байланысты Макдональдс компаниясына қарсы талап қою ісі. Бұл талап қою (Англияда) қабылданбады;
- Ұзақ уақыт ұшу кезінде пайда болған тромбозға байланысты талап қою;
- Үнді мұхиты Чагос аралынан байырғы тұрғындарды көшірумен байланысты талап қою;
- Кениядағы әскери оқыту орындарында жарылмаған снарядтар туралы талап қою;
- Ұзақ еңбек тәжірибесі бар қызметкерлер соңғы зейнетақы негізінде зейнетақы мөлшерін анықтау кезінде алданғанын мәлімдеген зейнетақы туралы іс;
- «Бансфильд» мұнай қоймасындағы апат (мұнай қоймасындағы жарылыс, қоршаған ортаның бүлінуі, мүліктік талап қоюлар, 3400 талап қоюлар);
- Кот-д'Ивуареде мұнай төгілу салдарынан бүлінуге қатысты талап қоюлар.

Tew қарсы тарап Bank of Scotland and Barclay's Bank (Shared Appreciation Mortgages) (2010, 2011) ісінен топтық талқылау туралы бұйрықтар икемді болып келетінін байқауға болады. Іс барысында әртүрлі жауапкерлер болғанына қарамастан, әртүрлі санаттағы талап қоюлар мен шарттарды біріктіру бір-біріне ұқсас фактілерге негізделген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін болады.

Tew қарсы тарап Bank of Scotland and Barclay's Bank (Shared Appreciation Mortgages) (2010, 2011) іске байланысты судья Манна топтық талқылау туралы бұйрықтарында тез, тиімді, әрі тиісті тәртіппен мәселені шешу мақсатындағы ағылшын соттарының батыл шешімділігін ерекше атап өтеді. Судья Манна аталған іске қатысты өз ойын былай жеткізеді:

«...топтық талқылау туралы бұйрықтар аталған талқылауда істі басқарудың тиімді құралы болып табылады. Іске қатысушы барлық тараптарға ортақ мәселеге қатысты бірдей міндеткерлік жүктелетіндіктен, өзге талап қоюларды талқылауды тоқтату арқылы қадағалай алатындықтан топтық талқылау туралы бұйрықтар бірқатар артықшылықтарға ие. Сондай-ақ шығындар туралы мәселені шешкенде де оның тиімді екенін байқауға болады. Топтық талқылау туралы бұйрықтар бойынша сұрақтарды тиісті деңгейде жүйелеп алғандықтан, аталған істе талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім қабылдаймын. Пайдаға қатысу құқығы нысанындағы ипотекаға байланысты топтық талқылау туралы бұйрықты қабылдауда банкке қатысты қарызгерлердің ұсынған талап қою сұрақтары тиісті заңның 3 пунктінде тікелей көрсетілген әділетсіздікті айыптауға байланысты. Ұсынылған талап қоюлардағы сұрақтар ортақ болмаса да, олар бір-бірімен байланысты болуы керек. Мұндай тұжырым тараптармен талқыланып, тараптар келісімге келе алмаса ғана, мен соңғы шешімді қабылдаймын. Мен сондай-ақ істің әділ шешіліп, 3 пункт мәселесін алдын-ала қарап шешкеннен кейін, негізгі талқылау ісіне қатысты нұсқаулықтар беремін. Бұл жерде тараптар шешімге қатысты ойланып, келісімге келуі мүмкін, олай болмаған жағдайда, мен соңғы шешімді қабылдаймын. Мен тез арада істі нақты реттеп шешуге ниет етемін».

Сондай-ақ соттың топтық талқылау туралы бұйрықты қабылдауы барысында басшылыққа алатын нақты түсіндірмесі бар. 2008 жылы жарыққа шыққан процесуалдық мәселелер жөніндегі Корольдік бөлімнің Үлкен соттың келесі мәлімдемесі бойынша: «менің қатысуыммен болған топтық талқылау туралы шешім қабылданған істерде біз дауды шешіп, мәселеге қатысты шешімді талқылауда мүмкін болатын қалыпты талқылау шешіміне қарағанда үш есе тез шығардық».



4. «ШЫҒУ МҮМКІНДІГІ» ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША АНГЛИЯДА ҚАЛЫПТЫ ТОПТЫҚ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛҚЫЛАУДАН БАС ТАРТУ (2009)

2009 жылы шілдеде Үкімет азаматтық іс-жүргізу Кеңесінің ұсынған шығынды өтеу және т.б. талап қоюға қатысты «шығу мүмкіндігі» жүйесі бойынша Англияда топтық талап қоюды енгізу туралы ұсынысын қабылдамады. Ұсыныс бойынша топтық талап қоюдың талабына сай келетін барлық тұлғалар, өздері «топтан шығуға» ниет білдірмесе, автоматты түрде сот талқылауының тараптары болып саналуын көздейтін. 2009 жылы шілдеде берген өз жауабында Үкімет оның орнына біртіндеп реформа енгізуді ұсынды. Үкімет реттеу құзыреттілігінен басымдыққа ие пропорционалдық және экономиялық көзқарас тұрғысынан процессуалдық механизмге сай келген жағдайда «шығу мүмкіндігі» жүйесі бойынша топтық талап қоюды енгізуді ұсынады. 2009 жылғы Қаржыландыру қызметі туралы заң жобасы қаржыландыру қызметі нарығында жасалған келісімдер салдарынан зиян келген жағдайда топ мүшелері акционерлердің келісімімен топтық талқылау туралы бұйрықтарды қолдануды ұсынды. Дегенмен бұл ұсыныстар заңның соңғы мәтінінен алынып тасталды.

2008 жылы Рейчел Мюлерон өз есебінде 2000 жылы топтық талқылау туралы бұйрықтар енгізілгелі көп шешім қабылданбағанын атап өтеді (63 іс қана). Ол «шығу мүмкіндігі» жүйесіне негізделген ортақ құқық құзыреттілігімен салыстырғанда бұл төмен көрсеткіш деп бағалады. Дегенмен топтық талқылау туралы бұйрықтар («шығу мүмкіндігі» жүйесі) көрсеткішінің төмен болуы, жалпы «әділсоттылыққа қол жетімділік» тұжырымына алаңдатушылық тудыруы мүмкін. Бұл көрсеткіштер таң қаларлық жайт емес, себебі ірі істер тек жеке қаржыландыру немесе мемлекеттің қолдауымен ғана жүргізіле алады. Жеке қаржыландыру, шартты сыйақы жүйесінде жұмыс жасамайды. Бұл іс жеңіліс тапқан жағдайда заң көмегі шығындарына сақтандырудың болмауымен байланысты. Талап қоюшылар талқылауда жеңіліс тапқан жағдайда, жауапкерге келтірілген шығынды сақтандырумен өтеуге мүмкін болатын еді. Мемлекеттік қолдауға қатысты Мюлерон 2000 жылдан бастап мемлекеттік қаржыландырудың күрт төмендегенін жазады. Ол топтық талқылауға мүмкін болатын тараптардың амалсыз іске қосылып жатқанын көрсетеді.

Іске қосылуға кедергі келтіретін жайттарға келесі жағдайларды жатқызуға болады:

- 1) Мүмкін болатын шығындарға қатысты экономикалық қауіп: Азаматтық-құқықтық өтемақы туралы жүйені түсінбеу;
- 2) Агрессиялық күреске араласудағы психологиялық қорқыныш: Санкциялар алдындағы қорқыныш (әдетте, жұмыс беруші тарап алдындағы).

Милерон кейбір жалпы құқықтық юрисдикцияларда қабылданған (АҚШ, Онтарио және Австралия) топтық талап қою үдерісіндегі құқық бұзушылықтан зардап шеккен тұлғалармен берілген жауапкершілікке қатысты сәтті аяқталуы мүмкін талап қою деңгейін салыстырады. Сондай-ақ ол кейбір Европалық мемлекеттердегі – Норвегия, Дания, Нидерланды, Португалия (және Испания), Италиядағы топтық талап қою механизмінің дамуын атап өтеді. Ходжес Европадағы аталған өзгерістерге қатысты зерттеу жүргізеді. Мюлерон есебінде аталған әділсоттылыққа қол жетімділіктің төмен деңгейіне байланысты айтылған ұсыныстар негізінде 2008 жылы Азаматтық істер бойынша Кеңес «Топтық талап қою бойынша әділсоттылыққа қол жетімділікті жетілдіру» атты үлкен құжатын қабылдады («2008 ж. Азаматтық істер бойынша соңғы есеп»). Ұсыныстың негізгі мәні Англия мен Уэльсте келісімге негізделген («шығу мүмкіндігі») топтық талқылау жүйесін енгізіп, соның аясында шығындардың жалпы суммасын бекіту.

Дегенмен келісімге негізделген («шығу мүмкіндігі») жүйені қабылдаудың төмендегідей қауіпті тұстары бар:

- топтық талқылауды агрессивті түрде бастау мүмкіндігі;
- заң фирмаларының үлкен табыс табу мүмкіндігі;
- коммерциялық және мемлекеттік компаниялардың ұзақ әрі қымбат талқылауға қатыстыру туралы қорқынышы;
- мүмкін болатын жауапкерлердің қорғану шараларына шығынның өсуі (тұтынушылар мен өндірістер сақтандыру үшін көп қаржы жұмсайтын болады).

2009 жылы Үкіметтің ірі топтық талқылауға араласуға ниеті болмағанын байқауға болады. Соған қарамастан Мюлерон (2011 жылғы жұмысында) бұл шешімге сыни көзбен қарағаны айқын. Келтірілген шығынды өтеу туралы қалыпты топтық талап қоюды ұсынған кезде талап қоюшылардың құқығын заң



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім
Дәріс: Топтық талқылау туралы бұйрықтар («шығу мүмкіндігі» жүйесі)
Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

фирмаларымен (Англияда жұмыс іздеп жүрген шетелдік фирмалар) қатар, дауға қатысудан пайда табуды көздейтін коммерциялық ұйымдар (демеушілер немесе олардың бірлестіктері) да қорғайтын болады.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім
Дәріс: Топтық талқылау туралы бұйрықтар («шығу мүмкіндігі» жүйесі)
Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім
Дәріс: Топтық талқылау туралы бұйрықтар («шығу мүмкіндігі» жүйесі)
Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев
